

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жансая»  
облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның 4 тоқсандағы  
жиналысының  
**ХАТТАМАСЫ**

№ 4

Кентау қаласы

10.10.2024жыл

Төрағасы: Балабиева Г.Н. – кадр инспекторы

Қатысушылар: Кәсіпорынның персоналы. (Әкімшілік қызметкерлер,  
дәрігерлер, өзге де қызметкерлер)

Хатшы: Қ.Уытов - МСА есепшісі.

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы), сондай-ақ жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

**Орталық мемлекеттік сатып алу есепшісі Қ.Уытов** жиналысты ашық деп жариялап, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын (ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы) бекіту туралы талаптарын тізбектеп, 3 тарауы, 27 тармағына қысқашы талқылау жасап, түсіндіріп өтті.

Содан соң, кадр инспекторы **Г.Н.Балабиева** түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты жоюды қамтамасыз етуді мәлімдеді. Әрбір жұмысшыға, қызметкерлерге өз істеріне мұқият болуын, ашық болуын, қандай да бір құйтырқы іс-әрекеттерді көрген жағдайда құзыретті органдарға хабарласуды атап өтті.

**МСА есепшісі (комплаенс офицері) – Қ.Уытов** сөзді алып, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

- 1) объективтілік;
- 2) сенімділік;
- 3) айқындық;

4) жан-жақтылық қағидаттарында жүргізілетіндігін айтты.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі басшысының, ол болмаған кезде – оның міндетін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын адамның шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылады.

Бұл ретте, осы Үлгілік қағидаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшылары деп мемлекеттік органның және оның ведомствосының, ұйымның басшылары, сондай-ақ олардың қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары түсініледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі құрылымдық бөлімшенің, ведомствоның, ведомствоға бағынысты ұйымның, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің аумақтық және оған теңестірілген бөлімшесінің (бұдан әрі – талдау объектісі) қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды талдау объектісі іске асыратын функциялардың санына және оның штат санына қарай құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілеттік берілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы айқындайтын тұлға немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау субъектісі басшысының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына, сондай-ақ талдау нәтижелерін талқылауға және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мониторингіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің жанынан болған жағдайда, Қоғамдық кеңестің мүшелері, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары тартылатындығы туралы мардымды ақпарат берді.

Жиналыс соңында аталған мәселелер жан-жақты зерделеніп, талқыланып, кәсіпорын қызметкерлері тарапынан қойылған сауалдарға толыққанды жауаптар берілді.


Жиналыс төрағасы Г.Н.Балабиева жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:



Г.Н.Балабиева

Хатшы:



Қ.УЫТОВ